

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯСЫ
1997 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ
ИЗДАЕТСЯ С 1997 ГОДА

ISSN 2710-2661

№ 3 (2022)

ПАВЛОДАР

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания
№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org/10.48081/DIFL9621>

Бас редакторы – главный редактор

Бурдина Е. И.

д.п.н., профессор

Заместитель главного редактора

Ксембаева С. К., *к.п.н., доцент*

Ответственный секретарь

Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Пфейфер Н. Э.,	<i>д.п.н., профессор</i>
Жумагаева Е.,	<i>д.п.н., профессор</i>
Абибулаева А. Б.	<i>д.п.н., профессор</i>
Мирза Н. В.,	<i>д.п.н., профессор</i>
Фоминых Н. Ю.,	<i>д.п.н., профессор (Россия)</i>
Снопкова Е. И.,	<i>к.п.н., профессор (Белоруссия)</i>
Кудышева А. А.,	<i>к.п.н., ассоц. профессор</i>
Оспанова Н. Н.,	<i>к.п.н., доцент</i>
Оралканова И. А.,	<i>доктор PhD</i>
Омарова А. Р.,	<i>технический редактор</i>

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/WMZW9821>

***А. К. Жунусова¹, Р. С. Тұрысбек²**

^{1,2}Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ДЕТЕКТИВТІ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУ ЖОЛДАРЫ

Мақалада детективті шығармаларды оқыту арқылы студенттердің ойлау қабілеттерін қалыптастыру және дамыту жолдары қарастырылады. Тұлғаның шығармашылығын белсендіруге байланысты детектив, шытырман оқиғаларды талқылауға, дамытуға бағытталған әдіс-тәсілдер көрсетілген. Шығарманың құрылымын, мазмұнын, оқиғаның жұмбақ шешімі негізінде студентті дұрыс ойлауға, сын тұрғысынан қарауға, бақылағыштыққа машықтандыру көзделген. Детективті шығармаларды оқи отырып, студент өз тұжырымдарын, пікірлерін талдау арқылы түсінуге бағытталған сұрақтарға жауап береді. Нәтижесінде, сыни тұрғыдан қойылған сұрақтарға алынған жауаптар студенттің жоғары деңгейде ойлануына және белгілі бір нәтижеге жетуіне ықпал етеді. Қазақ аудиториясында сюжеті жұмбақ қылмыс салдарын логикалық пайымдаулар арқылы ашып көрсетуге арналған детективті шығармаларды оқыту әдістемесінің өзіне тән белгілері мен ерекшеліктері де баяндалады. Студенттердің детективті шығармадағы жұмбақтарды бірлесіп шешу арқылы олардың ойлау дағдыларын қызықты әрі тартымды түрде дамытудың жолдары айтылады. Детективті шығармалар қазіргі таңда үлкен сұранысқа ие болып отыр. Сондықтан, жоғары оқу орындардағы студенттердің шытырман оқиғалы, детектив шығармаларын оқу арқылы әдебиетке, көркем әдебиетке деген қызығушылығы арта түседі. Сондай-ақ, осы маңызды мәселелерді қарастыра келгенде, детективті шығармаларды оқыту арқылы, олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту жағдайы жасалынуы керек.

Кілтті сөздер: детективті шығармаларды оқыту, әдіс-тәсілдер, ойлау қабілеттерін қалыптастыру, жұмбақ, логика, қызығушылығын арттыру.

Кіріспе

Детектив – әдеби кеңістікте сирек кездесетін құбылыс. Детективтік шығармалардың өз ерекшеліктері мен белгілері, қолтанбасы бар.

Детектив қазақ әдебиетінің тарихында бұрын-соңды болмаған жанрлардың бірі болып саналады. Қазіргі таңда қазақ әдебиетіндегі детектив жанры өзекті болып отыр. Бүгінгі жастар арасында детективті оқиғаларды оқитындар көп, жазамын дейтіндер аз. Әдебиет сыншыларының пікірінше, жас қаламгерлердің көбісі проза емес, поэзия жанрын таңдап келеді. Яғни жалпы прозалық шығармаларды жазатын жас жазушылардың аздығы бұл жанрдың дамуын тоқтатып тұр деген пікір айтады. Сондай-ақ, өз тілімізде шыққан детектив шығармалары жоқтың қасы деуге болады. Кез-келген қоғамда детектив жанрын қалайтын оқырман болады. Детективті оқимын деушілердің арасында жас буындардың ата-анасы қарсы болып жатады. Себебі, баланың психологиясына әсер етеуі мүмкін деп ойлайды. Бірақ соған қарамастан қазіргі балалардың, жастардың детективті шығармаларды оқуға деген қызығушылығы артып келе жатыр.

Осы мәселеге байланысты детективті шығармаларды жоғары оқу орындарында оқыту арқылы студенттердің ойлау, сыни ойлау дағдыларын қалыптастырып, қызығушылығын арттыру мақаланың өзектілігі болып табылады. Сын тұрғысынан ойлау әдісі – білім алушының еркін сөйлеуіне, өз пікірін айтуға, логикалық жұмбақтарды шешуге, өз беттерімен ізденуіне бағытталған бағдарлама. Яғни білім алушы өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, оқығанын талдап, салыстырып, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау. Яғни практикалық сабақ барысында милиция қызметкерлерінің өмірімен де танысып, олармен пікір алмасып көруі керек. Детективті шығармаларда жұмбақ оқиға болғандықтан аудиториядағы студенттердің шығармадағы логикалық ойға берілген құпияны бірлесіп шешу – студенттердің сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын қызықты әрі тартымды түрде дамытудың тамаша тәсілі деп білеміз.

Материалдар мен әдістері

Жоғары оқу орындарында детективті шығармаларды оқыту жолдары тақырыбы бойынша психологиялық-педагогикалық, арнаулы әдебиеттерді талдау, жүйелеу, сұрақ-жауап әдісі пайдаланылды. Жоғары оқу орындарында детективті шығармаларды оқыту бойынша студенттердің белсенділігін арттыру мақсатында оларға талдау жүргізілді.

Зерттеу барысында, жалпы педагогика, қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі бойынша ғылыми зерттеулермен жұмыс жүргізілді, оқу-әдістемелік

құралдарға талдау жасалды. Мақаланың теориялық негізін құраған белгілі шетелдік, отандық ғалымдардың талдау әдістері мен принциптері болды. М. Тугушева, Н. Ақыш, Қ. Райымбаева, А. Жүсіпова, Қ. Бітібаева, Б. Жұмақаев, Қ. Байтанасова еңбектеріндегі талдау нәтижелері әдістемелік бағыт-бағдар ретінде пайдаланылды.

Бұл мақала арнайы зерттеу нысанына алынбағандықтан жоғары оқу орнында детектив жанрын тиімді оқытуда, оны студенттерге меңгертуге ықпал етеді.

Нәтижелер және талқылау

Зерттеу барысында білім алушыларға детективті шығармалардағы көркем образдар, авторлық ұстаным, шығарманың түйінді ойы, кейіпкерлер жүйесі, шығарманың көркемдік ерекшеліктері тұрғысынан талдау жүргізілді.

Нәтижесінде білім алушылардың әдеби талдау негізінде белсенділіктерінің жоғары екені, сыни ойлау дағдыларының қалыптасқаны байқалды. Білім алушылар математика, физика, химия сияқты сабақтарды көмекші ретінде пайдаланып, детективті шығармаларды жазуға деген құлшыныстарының бары анықталды. Шығармаларды оқыту кезінде бірнеше әдіс түрлері бар. Олар: әңгімелеу, түсіндіру, сұхбат, дәріс.

Әңгімелеу – оқу материалын тыңдарманға сипаттама не баян формасында монологты, бірізді сөйлеп жеткізу. **Түсіндіру** – бұл игеруге қажет объект, құбылыс, кейбір ұғымдар заңдылықтары мен мәнді қасиеттерін талқылау, талдау, мысал келтіру жолымен дәлелдеп, оқушы санасына енгізу. **Сұхбат** – оқудың диалогтық әдісі: педагог бірізді сұрақтар қоя отырып, оқушыны жаңа материалды түсіну, ұғу деңгейіне көтереді, не ұсынылған материалдың қаншалықты меңгерілгенін тексереді. **Дәрісбаян (лекция)** – көлемді материалды монологтық жолмен баяндау. Дәрісбаянның басқа сөздік әдістерден өзгешелігі – қатаң құрылымды, мол ақпаратты, баяндалуы қисынды, білім мәнін ашу жүйелікке негізделеді. Дәрісбаян ғылыми-көпшілік және академиялық болып ажыратылады. Өткен материалды қорытындылауға, қайталауға шолу дәрісбаяндары қолданылады [1; 97].

Ең алдымен детективті шығарманы студенттерге оқыту үшін сабақтың басында шығарманың табиғатын танытатын кіріспе-әңгіме жүргізілді. Өр түрлі әңгімелесу, түсіндіру, сұхбат әдістерін пайдалана отырып, студенттердің көркем туындыға деген қызығушылығы анықталды.

Детективті шығармалардың өзіндік ерекшелігін танытуда өзіне ғана тән түсініктерін детектив, тергеуші, қылмыскер, тергеу, т.б. сөздерді білгізу аса маңызды. Ендеше, детективті шығармаларда да мәтін талдау жұмыстарының барлығы дерлік жүргізіледі. Шығарманың идеялық көркемдік ерекшеліктері,

көркемдік әлемі, кейіпкерлер жүйесі, сюжеттік, композициялық құрылымы, кейіпкерлер тілі, тағы басқалары.

Детектив шығармаларды оқытуда теориялық және практикалық білімді тығыз байланыстыра отырып, детективті шығармаларды эксперименттен өткізу кезінде білім алушы бойында қалыптасатын білім мен практикалық дағдылар анықталды.

Студенттерге қазақ әдебиетінде детектив жанрының негізін қалаған Кемел Тоқаев туралы, оның детектив жазудағы ізденістері туралы, одан кейін Қалмұқан Исабаевтың «Ажал құрсауында», «Комеданттың жазбалары», одан кейінгі толқыннан Болат Бодаубай, Шәкен Күмісбайұлы, Мұхтар Анарбекұлы, Мұхадас Балажанов, Алдажар Әбілов, Орынбек Асылбаев, Шойбек Орынбай сияқты қаламгерлер туралы қысқаша түсінік берілді. Осыған байланысты білім алушыларға детективті шығармалардың өзіндік ерекшеліктерін танытатын *сұрақ-жауап әдісі* қолданылды.

1 Қазақ әдебиеті пәні бойынша осыған дейін оқыған шығармалардан бүгінгі оқып отырған шығарманың қандай айырмашылығын байқадыңдар?

2 Детектив, тергеуші, ізкесуші, қылмыскер, жәбірленуші, күдікті деген ұғымдарды қалай түсіндіңдер?

3 Ізкесуші деген кім?

4 «Сарғабанда болған оқиға» шығармасының кейіпкерлерін атап айтыңдар.

Аудиторияда оқиға желісін еске түсіріп, шығарманың сюжеттік композициялық құрылымын тұтас елестету үшін төмендегідей *талдау сұрақтары* берілді:

1 Повестің оқиға желісі қандай кейіпкерлердің арасында өрбиді? Шығармада барлық оқиғаның негізгі желісі кімнің төңірегіне топтастырылған?

2 Шығармадағы қылмыскер кім? Ізкесуші қандай батыл қадамдарға барды?

Сұрақтарға жауап бере отырып, оқиғадағы сюжеттік элементтерді саралап, сюжеттік композициялық жоспар құрды.

1 Тоғайдың ішінде белгісіз біреу Рахымды жаракаттап кетуі

2 Рахымның ауруханаға түсуі, анасының зары

3 Қылмыскердің сыбайласы Цойдың әрекеттері

4 Ізкесуші Талғат Майлыбеқтың тергеуді бастауы

5 Ізкесуші нағыз қылмыскерді тауып тұтқындауы

Көркем мәтінді талдау кезінде кейіпкерлерге мінездеме берудің де маңызы зор. Білім алушылар кейіпкердің сипатын атап, соған мәтіннен дәлелдер келтіреді. Зерттеуші Б. Сманов «Кейіпкер бейнесін талдау» деп аталатын еңбегінде көркем бейнені талдаудың мынадай тәсілдерін көрсетеді:

– Кейіпкерлер портреті, іс-әрекеті, оның ішкі психологиясы жайлы автордың ойын білдіруі;

- Көркем бейнеге тән ерекшеліктерді өзге кейіпкерлерді сөйлету жолымен беру;
- Әдеби бейненің ішкі толғаныстарын (монологтарын) келтіре отырып ашу;
- Қаһармандар табиғатын оларды бір-біріне қарсы қою әдісімен (диалог) ашу [4; 102].

Кейіпкерлерге мінездеме беру тәсілдері түрліше болады. Онда кейде кейіпкердің сырт кескіні, кейде мінез-құлқы көрінеді. Бұнда портрет тәсілінің қатысы бар. Портрет – тікелей адамға бағытталып, сөз арқылы оның бейнесі жасалады. Мысалы, жазушы К. Тоқаевтың «Қастандық» повесінде: «*Қаудырлақ конетоз плац киген, шүңірек көз, әсирен сақал, арық адам қылмысты іздеу бөлімінің бастаығына келді. Есікті ашып, босағада бір сәт тұрды. Қабырғаға тақау қойылған стол басында біреу шұқшыып қағаз жазып отыр*» [5: 228]. Бұл шығармадағы үзіндіден студенттер қылмыскердің портретінен оның көңіл-күйін, сырт келбетін байқайды.

Оқиға барысында Талғат пен Нұржан бірге жүрді. Екеуі қылмыскерді табамыз деп күнде орман жаққа қарай беттейді.

Нұржан: – Жолдас капитан, мені күлкі етейін дедіңіз бе? – деп ренжіп те қалды. – Сен мына таяқ батқан шұңқырды анықтап қарап алышы, – деді Талғат Нұржанның иығынан құшақтап. – Саған дамыл бермеген себебім, мен күні бойы осы шұңқырды іздеп жүрдім. Енді Рахымды өлтірген қылмыскердің біреуі бізге белгілі. Оның бір аяғы жоқ, күпшектей ағаш аяқпен жүреді. Ағаш күпшектің темір өкшесінің жерге батқан таңбасына қарағанда кесек, ірі денелі адам. Салмағы 85–90 килограмм. Сірә, алтыстың айналасындағы жасы келген кісі секілді. Талғаттың сөзін тыңдап тұрған Нұржан: – Жерге батқан ағаш күпшектің таңбасынан оның салмағын білдіңіз делік. Мұндай ілімнен хабарымыз бар. Ал оның жасын қалай анықтай қойдыңыз? – деді. Бұл жай логикалық ойдан шыққан түйін. Өзіңе белгілі, кембағал жас адамдар көбіне арнайы жасалған жеңіл протез киеді. Ал мұндай қолдан жасалған күпшекті салақ, үнемқор, пайдакүнем, ескі әдет бойынан кетпеген қарт адам киеді [2].

Бұл үзіндіден Талғат Майлыбаевтың логикалық ойы терең дамыған, тәжірибесі бар, небір шығырман оқиғаларды, жұмбақты шеше алатын тәжірибелі азамат ретінде көрінеді. Көркем кейіпкер көз алдымызда дамып отырады. Кейіпкерге берілетін мінездеме үлгісін студенттер өз қалауларына байланысты жасайды.



Сурет 1

Мысалы, «Сарғабанда болған оқиға» шығармасында қылмыскер қандай адам?



Сурет 2

Ол өзін купедегілерге Самсонов Борис Натанович деп таныстырды: «Қызыл күрең сақалы бар, еңгезердей толық кісі. Бірақ ебедейсіз семіз деп айтуға келмейді. Денесі шымыр, тұтас, сом тұлға секілді. Мен оған тіпті назар аудармас едім. Ондай адамдар кездесіп жүр ғой. Ал мынау протез аяқпен, әрі баспалдақпен жүруге мүлде дағдыланбаған. Соғыстың біткеніне талай жылдар өтті. Мүгедектердің протезге үйренгені сонша, кейде аяғы жоқтығын аңғармай қаласың. Әуелде ол қолдан жасалған күпшек ағаш аяқпен жүрген бе деп ойладым» [2]. Нұржанға Талғаттың тәсілдері жұққан деп ойлап майор оған ризашылық білдірді. Оқиғаның шешімінде Цой мен сыбайласы Самсоновты қолдарындағы алтын толы сөмкесімен бірге ұстап, тұтқындайды.

Детективті шығармаларда кісі өлтірушінің кім екені туралы жұмбақ болуы керек. Детективті зерттеумен айналысатын поляк әдебиет сыншысы Джери Сиверски былай деп жазады: «Детективті романның басты белгісі – оқырманды қызықтырып әкететіндей жұмбағы болуы керек. Егер біз оқырманға шығармадағы оқиғаның басты интригасын берсек, онда ол детективті шығарма болмай шығады» [6; 108]. Детективті оқиғаның соңында барлық жұмбақтар шешіліп, белгілер жұмбақтарға сәйкес келуі керек. Сюжет қылмыскердің төңірегінде өрбиді.

Осы тұрғыдан студенттерге шығармадағы жұмбақты шешуге арналған бірнеше кеңестерді айтып таныстыруға болады.

1) Студенттер әр тарауды оқып болған соң, әрі қарай жұмбақты шешудің жолдарын қарастырады және өз болжамдарын айтып көреді;

2) Оқу барысында шығармадағы маңызды фактілерді айтып жалғастырып отырады;

3) Білім алушылар повесті оқып болған соң, қандай әсер алғанын айтып жеткізеді;

Әдеби шығармаларды оқу, қабылдау ерекшеліктеріне келсек, поэзиядан, драмалық туындылардан гөрі, әңгімелерді қарасөзбен жазған шығармаларды оқуға ынталы болып келеді. Әсіресе, оларды соғыс, шпиондар, қылмыскерлер жайындағы шығармалар ерекше қызықтырады» [7; 17].

Білім алушылар повестің қысқаша мазмұнын, идеясын баяндаған соң, мына төмендегі сұрақтарға жеке-жеке талдау жұмыстарын жүргізді.

1 Кісі өлтіру оқиғасы қалай баяндалады?

2 Шығармада қылмыскердің әрекеті қалай берілген?

3 Қылмыскер Рахымды не үшін өлтірді?

4 Ізкесуші Талғат қылмыскерді табу үшін қандай дәлелдер жинайды?

5 Қылмыскердің сыбайластарының әрекеттері қалай суреттеледі?

Сондай-ақ, студенттердің детективке деген қызығушылын ояту үшін мынадай әдістер қолданылды.

1 Графикалық кестелерді қолдану. Студенттер тақтаға бірнеше қылмыс болған оқиғаларға қатысты суреттер, күдіктілердің суреттері, олардың тұрған жері, қайда барғаны туралы уақыт кестелерін іліп қою керек. Көркем шығарма арқылы олар кейіпкерлердің кім екенін, олардың бір-бірімен байланысын және оқиғадағы рөлін анықтай алады және негізгі ойларын қорытындылай алады.

2 Болжау. Студенттер оқиғаның соңын болжау арқылы мәтінді қаншалықты түсінгендігін көрсетеді.

Жоғарыдағы аталған әдіс-тәсілдер, талдаулар студенттерге тек қызықты ғана болып қоймай, көңілді болады. Бұл дегеніміз студенттерге өмірде қажетті мәселелерді шешу дағдыларын дамытудың тамаша үлгілері. Студент шығармадағы оқиғалардың даму процесін, оның тоқтаусыз өрбуін, нақты талдаулар арқылы дәлелдейді.

Детективті шығармаларды оқытуда әдеби ойындардың да алатын орны ерекше екенін байқадық. Осыған байланысты интербелсенді әдісті қолдануға негіз бар.

Интербелсенді әдіс («Inter» – өзара, «act» – әрекет) – үнемі біреумен» – өзара, «act» – әрекет) – үнемі біреумен әрекеттестікте, диалог құрып,

әңгімелесу үстінде болуы тиіс. Басқаша айтқанда, белсенді әдіске қарағанда студент тек оқытушымен ғана емес, бір-бірімен кең көлемде әрекеттестікте болулары шарт және оның белсенділігі басымдылыққа ие. Ал оқытушы – сабақтың мақсатына жету жолында оларға бағыт беруші. Сонымен қатар, студентті белсенді әрекетке жұмылдырып, оқу материалын өз беттерімен меңгеруге жетелеп отыратын өзара белсенді жаттығулар мен тапсырмаларды әзірлейді. Интербелсенді сабақтың негізін өзара белсенділікке жұмылдыратын әдіс-тәсілдер құрайды. Студенттер жана тақырыпты да өздері меңгереді. Интербелсенді әдістер арқылы студенттер оқу материалын жылдам меңгереді, естеріне сақтауға да тиімді. Сондықтан да инновациялық оқытудың негізі интербелсенді әдістерде жатыр [8; 114].

Мәселен, «Сарғабанда болған оқиға» повесіндегі ізкесуші Талғат Майлыбаевқа қатысты, жалпы милиция өмірлеріне қатысты ойларын проза тіліне айналдыра отырып, шағын ой толғау жазу, эссе жазу, шығармада көтерілген проблемалық сұрақтар төңірегінде сұхбат, сауалнама алу, «Детективті шығармаларды мектеп оқушыларына оқытқан дұрыс па, бұрыс па?» тақырыбына дебат өткізу, «Детективті шығармалар және автор» тақырыбында сыни тұрғыдан көзқарасын білдіру, «Сарғабанда болған оқиға» шығармасындағы «Ізкесуші Талғаттың қылмыскерді табудағы амал-тәсілдері» тақырыбына сын-пікір жазу сияқты тапсырмалар алдағы жоспарда бар.

Студенттерді оқыту барысында детективті шығармалар бойынша әдеби талдау, авторлық ойды анықтау, шығарманың композициясын табу, шығарма тіліне талдау жасау бағыттары жүргізілді. Әдеби талдау қорытындысында білім алушының бойында әдеби ой-толғауға қатыса алу, ой тұжырымын дәлелді, нақты жеткізе білу, авторлық идеяны тани білу, шығарманың көркемдік, тіл ерекшелігін талдай алу шеберлігінің қалыптасқаны анықталды. Қазіргі таңда детективті шығармаларды қызығушылықпен оқитын, детектив шығармаларын жазамын дейтін студенттерге теориялық тұрғыдан демеу көрсету аса қажет деп ойлаймыз.

Қорытынды

Қазіргі кезеңде пәнді оқытуда басты назарда ұстайтын мәселелер көп. Олардың негізгілерінің бірі осы сияқты әр түрлі жанрдағы шығармаларды соның ішінде кейіннен қолға алынып келе жатқан детективті жанрдағы шығармаларды оқыту және талдау жолдарын әдіс-тәсілдерін жетілдіру үстінде аудиториямен ғана шектелмей одан тыс жұмыстармен де айналысу керек. Мысалы, милиция қызметкерлерінің, ізкесушінің жұмысымен танысу, оның жұмыс барысындағы қиындықтары мен ерекшеліктерін байқау білім

алушылардың шығармадағы кейіпкерлер жүйесін, адамдар әлемін танудың бірден-бір жолы болмақ.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Бабаев, С. В., Оңалбек, Ж. К.** Жалпы педагогика: оқулық [Мәтін] Алматы : Нұр пресс – 2003. – Б. 228.
- 2 **Қабдолов, З.** Сөз өнері: оқулық монография [Мәтін]. – Алматы : Санат, 2002. – Б. 356.
- 3 **Тоқаев, К.** Шығармалары: Сарғабанда болған оқиға [Мәтін] – Алматы : Ана тілі, 2018. – Б. 383.
- 4 **Байтанасова, Қ., Айтуғанова С.** Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі [Мәтін] – Астана : Фолиант, 2008. – Б.160.
- 5 **Тоқаев, К.** Шығармалары: Қастандық [Мәтін] – Алматы : Ана тілі, 2018. – 108 с.
- 6 **Кестхейн, Т.** Анатомия детектива: [Мәтін] – Будапешт : Корвина. 1989. – Б. 285.
- 7 **Бітібаева, Қ.** Әдебиетті оқыту әдістемесі [Мәтін] – Алматы : Рауан, 1997. – Б. 285.
- 8 **Симбаева, С.** Белсенді оқу мен оқытуда қолданылатын әдістер: әдістемелік құрал./кұраст. С. Симбаева. [Мәтін] – Нұр-Сұлтан : «Тұран-Астана» университетінің баспаханасы, 2019. – Б.133.
- 9 Ван Дайн, С. С. Двадцать правил для написания детективных романов [Электронды ресурс]. – Режим доступа URL: <http://scriptmaking.ru/>
- 10 **Жұмақаев, Б. Д.** Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі: оқулық. – Алматы : «Қыздар университеті» 2015. – Б. 242.

REFERENCES

- 1 **Babaev, S. V., Oñalbek J. K.** Jalpy pedagoga: oqulyq [General pedagogy] [Text]. – Almaty : Nur-pres, 2005. – P. 228.
- 2 **Kabdolov, Z.** Soz oneri [textbook monograph] [Text] – Almaty: Sanat, 2002. – P. 356.
- 3 **Toqayev, K.** Şyğarmalary: Sarğabanda bolğan oqığa [Text] – Almaty : Ana tılı, 2018. – P. 383.
- 4 **Baitanasova, Q., Aituganova S.** Qazaq adebetin oqytu adistemesi: [Methods of teaching Kazakh literature] [Text]. – Astana : Foliand, 2008. – P. 160.
- 5 **Toqayev, K.** Şyğarmalary: Qastandyq [assassination attempt] [Text]. – Almaty : Ana tili, 2018. – P. 383.

6 **Kesthein, T.** Anatomia detektiva [anatomy of a detective] [Text] – Almaty : Kazak University, 2015. – P. 246.

7 **Bitbaeva, Q.** Ädibietti oqytu ädistemesi [Methods of teaching literature] [Text] – Almaty : Rauan, 1997. – P. 285.

8 **Simbaeva, C.** Belsendi oqu men oqytuda qoldanylatyn adister: ädistemelik qūral. / qūrast. S. Simbaeva [Methods used in active learning and learning][Text] – Nur-Sultan : «Turan-Astana» universitetiniñ baspahanasy, 2019. – P. 133.

9 **Van Dann, S. S.** Dvadsat pravil dlia napisaniia detektivnyh romanov [Twenty rules for writing detective novels] [Elektronic resource]. – URL: <http://scriptmaking.ru/>

10 **Jūmaqaeв, B. D.** Qazaq ädibietin oqytu ädistemesi: oqulyq [Methods of teaching Kazakh literature] – Almaty : «Qyzdar universiteti», 2015. – P. 242.

Материал 14.09.22 баспаға түсті.

*А. К. Жунусова¹, Р. С. Тұрысбек²

^{1,2}Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, Республика Казахстан, г. Нур-Султан.

Материал поступил в редакцию 14.09.22.

СПОСОБЫ ОБУЧЕНИЯ ДЕТЕКТИВНЫМ ПРОИЗВЕДЕНИЯМ В ВУЗЕ

В статье рассматриваются методы формирования и развития мыслительных способностей студента через обучение детективным произведениям. Рассмотрены приемы, направленные на обсуждение детективов, приключений, сравнение и развитие других загадочных событий, связанных с активизацией творчества личности. На основе структуры, содержания произведения, загадочного решения рассказа, предусмотрено обучение студента правильному мышлению, критическому взгляду, наблюдательности. Также рассмотрены характерные черты и особенности методики преподавания детективных произведений в казахской аудитории. При разборе художественного текста определяются приемы характеристики персонажей, способы, которыми обучающиеся подчеркивают характер героя приводя аргументы к нему из текста. Данные методы для проявления интереса студентов к детективу. Представлены способы совместного решения студентами в аудитории загадок в

произведения, развития у студентов навыков критического мышления в интересной и увлекательной форме.

Ключевые слова: обучение детективным произведениям, приемы, формирование мыслительных способностей, загадочность, логика, повышение интереса.

*A. K. Zhunusova¹, R. S. Turysbek²

^{1,2}L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan.

Material received on 14.09.22.

METHODS OF TEACHING DETECTIVE WORKS AT THE UNIVERSITY

The article considers the ways of formation and development of students' mental abilities through teaching detective works. Techniques aimed at discussing detective stories, adventures, comparing and developing other mysterious events associated with activation of personality creativity are considered. Based on the structure, content of the work, the mysterious solution of the story, the student is trained for correct thinking, a critical look and observation. The specific features and peculiarities of the detective works teaching methodology for the Kazakh audience are considered as well. When parsing a literary text, the characters' description methods are determined, the ways the students emphasize the role of a character arguing from the text. The article provides methods to provoke students' interest in the detective novel. Moreover, there are ways to jointly solve the secrets, develop critical thinking skills in an interesting and exciting way.

Keywords: teaching detective works, techniques, formation of thinking abilities, mystery, logic, increasing interest.

Теруге 14.09.2022 ж. жіберілді. Басуға 30.09.2022 ж. кол қойылды.

Электронды баспа

3,23 Мб RAM

Шартты баспа табағы 24,6.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова, Т. Оразалинова

Тапсырыс № 3976

Сдано в набор 14.09.2022 г. Подписано в печать 30.09.2022 г.

Электронное издание

3,23 Мб RAM

Усл.п.л. 24,6. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректор: А. Р. Омарова, Т. Оразалинова

Заказ № 3976

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.pedagogic-vestnik.tou.edu.kz